



Автор: Ыбыраева Махпал Бекей
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 6-сынып
Бөлім: Тарихи тұлғалар
Тақырып: Тарихи тұлғалар өмірі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.1.5.1.Тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру 6.4.3.1.Көнерген сөз эвфемизм,дисфемизм, табу сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап береді Көптеген оқушылар: құрылымын сақтай отырып, өмірбаян құрастырып жазады; көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм, табу сөздердің қолданыс аясын түсінеді және ажырата біледі. Кейбір оқушылар: мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстырады;
Тілдік мақсаттар:	көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм, табу сөздердің қолданыс аясын түсінеді хан , сұлтан,
Күтілетін нәтиже:	Оқушылар Тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап бере біледі.Көнерген сөз эвфемизм,дисфемизм, табу сөздердің қолданыс аясын түсінеді және ажырата біледі
Бағалау критерийлері:	тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап береді, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстырады; • көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм, табу сөздерді ажырата алады.
Құндылықтарды дарыту:	Сабақ оқушылардың бойына топтық, жұптық жұмыс жасау барысында бірін-бірі тыңдай білу, өзгеңің пікіріне құрметпен қарау құндылықтарын дарыту, бірін-бірі бағалауы кезінде академиялық әділдік саясатын ұстануға үйретуге бағытталған.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интерактивті тақтаданСлайд арқылы тарихи тұлғалар туралы мәліметтер беру
Пәнаралық байланыс:	Қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, география,
Бастапқы білім:	Оқушылар алдыңғы сабақта алған білімдеріне сүйенеді, тарихи тұлға туралы білімдерін толықтырады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Оқушылардың қызығушылықтарын ояту Өнер алды Қызыл тіл Анаңдай оны құрметте Қажымай талмай үйрен біл Асылын сөздің өрнекте Тыңдалым алды тапсырмасы: «Өрмекші торы»әдісі бойынша тарихи тұлғаларды атап өту 1.Тарихи тұлғалардың өмірі сені несімен қызықтырады 2. «Өшпестей із қалдырған» дегенді қалай түсінесің	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (30 минут)	<p>Тыңдалымнан кейінгі тапсырма 2-тапсырма Қ Сәтбаев кім екен. Ұлылықтың мәні неде деп ойлайсың? Отанды сүю деген не?</p> <p>Дескрипторлар: Жалпы және Сұрақтарға жауап береді «ШЫН», «ЖАЛҒАН» әдісін қолданылады.</p> <p>1) Көнерген сөздер - күнделікті қарым-қатынаста жиі қолданылмайтын, бірақ тілдің сөздік қорда сақталған, көпшілікке түсінікті сөздер. «ШЫН»? «ЖАЛҒАН»? 2) Күнделікті ауызекі сөйлеуде әдепті сөзді әдепсіз, дәрекі сөздермен ауыстырып айта беру әдеті де кездесіп қалады. Мұны көнерген сөздер деп атайды. «ШЫН»? «ЖАЛҒАН»? 3) Дәрекі сөздерді сыпайы, жағымды сөздермен ауыстырып айту эвфемизм деп аталады. «ШЫН»? «ЖАЛҒАН»? 4) «Мылжың» сөзі - эвфемизм. «ШЫН»? «ЖАЛҒАН»? 5) Архаизмдер - көнерген сөздің бір түрі. «ШЫН»? «ЖАЛҒАН»? 6) Көнерген сөздер көнеру сипаты мен тілдегі қолданылу ерекшеліктеріне қарай үшке бөлінеді. «ШЫН»? «ЖАЛҒАН»? Ережені түсінеді Табу туралы мәтінді оқиды</p> <p>тапсырма Топтық жұмыс I топ Абай II топ Шоқан Уалиханов III топ Қ.Сәтбаев</p> <p>тапсырма «Хан жарлығы» Мұғалім оқушыларды шеңбер құрып отырғызады, бірақ әр оқушы жеке жұмыс істейді. Олардан көнерген сөз, эвфемизм және дисфемизм, табу сөзге мысал бола алатын бір сөзге сөйлем құрып параққа жазуды сұрайды. Одан кейін жазған парағын «Хан жарлығы» ретінде рәсімдейді (А4 параққа жазады, түтікше етіп орайды). Мұғалімнің немесе ерікті бір оқушының «Жарлық кетті!» деген бұйрығымен парақты оқушылар сағат тілімен жылжытып бір-біріне жібереді. «Жарлық келді!» дегенде тоқтатылып, әрқайсысы өз қолына түскен жарлықпен танысады. Осылай бірнеше рет қайталағанда, оқушылар бірнеше оқушының жазғандарымен танысады. Дескрипторлар □ көнерген сөздің белгілерін ажыратады; □ эвфемизмнің белгілерін ажыратады; □ дисфемизмнің белгілерін ажыратады; □ көнерген сөздерді, эвфемизмді табады. □ Мұғалім оқушыларға орындаған жұмыстарымен оқып, бөлісулерін сұрайды. □ Топ ішінде оқушылар орындаған тапсырмаларын оқиды. □</p> <p>Оқушылардың жұмыстарын мұғалім тыңдап, кері байланыс береді, дескрипторлар бойынша өз-өздерін бағалатады.</p>	
Сабақтың соңы (5 минут)	Рефлексия Білім баспалдағы: Үй жұмысы: 8-тапсырма	
Рефлексия (40 минут)	Оқушылар тақырыпқа берілген оқу мақсаттарына сай тапсырмаларды тиянақты орындап, берілген мақсатқа қол жеткізді. тапсырмалар орындау барысында мақсатқа жеткендерін көрсете білді	
Қосымша ақпарат (1 минут)	– Сабақ барысында оқушыларға көбірек қолдау көрсету Қабілеті жоғары оқушыларға қосымша тапсырмалар дайындау	